

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестрге арналған. 15-сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Іскери қарым-қатынас.

Грамматикалық тақырып: Кәсіби саладағы ресми-іскери, мамандық пен қызметке қатысты тілдік оралымдар.

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Мамандық тілі. Мамандық тілі – мамандықта қолданылатын барлық тілдік құралдардың жиынтығы. Мақсаты – белгілі бір салада жұмыс істейтін адамдардың өзара түсіністігін қамтамасыз ету. Кәсіби қарым-қатынас саласының тілі жазбаша немесе ауызша сөйлеу тілі болады.

Кәсіби тілдің моделі.

Техника саласындағы кәсіби тілдер:

- ғылым тілі (теория тілі, арнайы терминология),
- өндіріс тілі (цех тілі, кәсіби ауызекі тіл, жеке өндірістік тіл);
- саяси кәсіби тіл үшін: ғылыми тіл, іскерлік тіл, кәсіби ауызекі тіл;
- химияның кәсіби тілі үшін: ғылыми тіл, зертханаларда қолданылатын жаргон, оқулықтар тілі, оқытушылардың тілі;
- медициналық кәсіби тіл үшін: ғылыми тіл, кәсіби ауызекі тіл, оқулықтар тілі, практика тілі немесе клиника тілі.

Кәсіби тілдің негізгі қабаты:

1. Ғылыми тіл;
2. Кәсіби сөйлеу тілі (цех тілі, өндірістік тіл, зертханалық жаргон), ол осы салада жұмыс істейтін адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қызмет етеді.

Кәсіби қарым-қатынас маманның кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында ұйымның басқа мамандарымен және клиенттерімен сөйлеу әрекетін білдіреді. Кәсіби қызмет мәдениеті көбінесе оның тиімділігін, сондай-ақ жалпы ұйымның және жеке маманның беделін анықтайды.

Қарым-қатынас мәдениеті кәсіби мәдениеттің маңызды бөлігін құрайды. Кәсіби мәдениет кәсіби қызметтің арнайы шеберлік пен дағдыларын меңгеруді өзін-өзі ұстау мәдениетін, эмоционалдық мәдениетті, жалпы сөйлеу мәдениетін және кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қамтиды.

Ресми іс қағаздар, құжат стилі. Ресми іс қағаздар тілінің стилі кейде кеңсе стилі, ресми стиль, іс қағаздар стилі деп те айтыла береді. Ресми іс қағаздар стилінің ерекшелігі, мұнда факті дәл көрсетіліп, жүйелі жазуға мән беріледі. Іс қағаздары, ресми құжаттар – ерекше қатынас жасау құралы. Бұл стиль мемлекет жұмыстарын жүргізумен байланысты. Ресми іс қағаздар тілі әдеби тілдің стильдік тармақтарының бірі. Ресми стиль – ресми қатынастар аясында қызмет ететін стильдің бірі. Ресми стильге тілдік тұрғыдан төмендегідей талаптар қойылады:

- сөздің дәлдігі немесе бір мағыналылығы;
- айқындық немесе жүйелілік;
- логикалық, яғни қайшылықтың болмауы;
- баяндаудың ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.

Лингвистиканың салалық тұрғысынан да мәтінге қойылатын талаптар болады.

Лексикада – ресми құжаттар мен іс қағаздарына тікелей қатысы бар сөздерді орнымен қолдану, көнерген сөздерді бейтарап, кітаби немесе әдеби сөздермен алмастыру.

Морфологияда – жалпылық мағына беретін сілтеу есімдіктерін қолданбау.

Синтаксисте – сабақтас құрмалас сөйлемдердің (себеп, мақсат, салдар, шарт бағыныңқылы) көбірек жұмсалуына мүмкіндік беру.

Ресми стильдің үш түрі бар: кеңсе (іс қағаздары), дипломат ресми стилі және заң ресми стилі.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанатын? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар әзірлеңіз.

Айтылым. Төменде берілген мәтінді қосымша ақпараттармен толықтырып, айтыңыз.

Кәсіби этика. Этика – философиялық ғылым, объектісі – мораль. Этика философияның бір бөлігі ретінде пайда болып, өте ерте қалыптасқан ежелгі шығармашылық пәндердің бірі, философияда мораль мен танымды оқып тануда грек философы Аристотель «этика» терминін ұсынған болатын.

Кәсіби этика – қандай да болсын кәсіптік қызметтің шығармашылық негізгі тірегі болып табылады. Кәсіби этика – идеалдар мен құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері ретінде кәсіби мораль туралы ғылым, міндеттердің идеясы, этикалық принциптер мен өзін-өзі қажетті жағдайда ұстай білу нормалары туралы көрініс табады. Адамның өзін-өзі ұстай білуі сол кәсіптің мән-мағынасын көрсетеді. Жұмыс жасау кезеңінде байқалады және кәсіби қызметінің аясында адамдар арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Кәсіби этика – бұл маманның адамгершілік сана-сезімі, психологиясы мен идеологиясы.

4-тапсырма. Өлеңді жаттап алыңыз.

Ғылым таппай мақтанба.
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба.
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.